



Ғылыми мақала / Research Article
МҒТАР / IRSTI 03.91.00




<https://doi.org/>

Uraz Muhammad in the Context of Kazakh-Russian Relations at the End of the 16th Century

N. Lapin 

Research Institute for Jochi Ulus Studies, Astana, Kazakhstan

 lapin.79@mail.ru

Abstract. This article examines the role of the Kazakh Sultan Uraz Muhammad, the future Khan of Kasimov, in the system of Kazakh-Russian diplomatic relations at the end of the 16th century. His fate occupies a special place in the history of the post-Golden Horde period, as, while within the Russian state, he became involved in the negotiation process between the Kazakh Khanate and Moscow during the restoration of ambassadorial relations in 1594–1595. Despite persistent interest in Uraz Muhammad in historiography, his actual participation in diplomatic contacts has long remained understudied. The aim of the article is to study the participation and role of Sultan Uraz-Muhammad in the Kazakh-Russian negotiations during the stay of the Kul-Muhammad embassy in Russia (1594-1595), as well as in the preparation of the return Russian embassy to Khan Tawakkul. To achieve this goal, the author solves the following tasks: analysis and critical understanding of the historiography on the problem; identification and systematization of archival sources; clarification of the dating, goals and course of negotiations; determination of the actual place of Uraz-Muhammad in the system of diplomatic contacts between the Kazakh Khanate and the Russian state. The source basis of the study is the materials of the Russian State Archive of Ancient Acts (RGADA), primarily the documents of the Ambassadorial Prikaz, as well as their copies stored in the Central State Archives of the Republic of Kazakhstan and the Scientific Archive "Gylym Ordasy". The work used both published and previously unpublished documents. The study's methodological basis is based on the principles of source analysis, the comparative historical method, and a critical comparison of archival and printed versions of sources. The analysis revealed that the widespread historiographic view of Uraz-Muhammad's secondary role, limited solely to the issue of his liberation, is erroneous. Sources indicate that he played a significant and active role in diplomatic contacts between the Kazakh Khanate and the Russian state, participated in meetings with the Kazakh ambassador Kul-Muhammad, and was involved in the negotiation process. It was also revealed that several meetings actually took place, and discrepancies in their dating are due to errors in published documents and their uncritical use by researchers. The author concludes that Sultan Uraz-Muhammad was an important participant in the restoration of Kazakh-Russian diplomatic ties in the late 16th century. His position at the Russian court and his high dynastic status determined his involvement in ambassadorial contacts, albeit primarily in a ceremonial manner. This study expands our understanding of the mechanisms of diplomatic interaction at that time and highlights the need for further introduction of archival sources on the history of Kazakh-Russian relations into scholarly circulation.

Keywords: Uraz-Muhammad; Kazakh Khanate; Russian state; Kazakh-Russian relations; diplomacy; embassies

For citation: Lapin N. Uraz Muhammad in the Context of Kazakh-Russian Relations at the End of the 16th Century. *Journal of the National Congress of Historians*. 2025. Vol.2, no.2, pp.96-116. <https://doi.org/>

Ураз-Мухаммед в контексте казахско-русских отношений в конце XVI века

Н. Лапин

Научный институт изучения Улуса Джучи, Астана, Казахстан

Аннотация. Статья посвящена изучению роли казахского султана Ураз-Мухаммеда, будущего касимовского хана, в системе казахско-русских дипломатических отношений конца XVI века. Его судьба занимает особое место в истории постзолотоордынского пространства, поскольку, находясь в пределах Русского государства, он оказался вовлечён в переговорный процесс между Казахским ханством и Москвой в период восстановления посольских связей в 1594–1595 гг. Несмотря на устойчивый интерес к личности Ураз-Мухаммеда в историографии, его реальное участие в дипломатических контактах долгое время оставалось недостаточно изученным. Целью статьи является исследование участия и роли султана Ураз-Мухаммеда в ходе казахско-русских переговоров периода пребывания в России посольства Кул-Мухаммеда (1594–1595 гг.), а также при подготовке ответного русского посольства к хану Таваккулу. Для достижения поставленной цели автором решаются следующие задачи: анализ и критическое осмысление историографии по проблеме; выявление и систематизация архивных источников; уточнение датировки, целей и хода переговоров; определение действительного места Ураз-Мухаммеда в системе дипломатических контактов Казахского ханства и Русского государства. Источниковую основу исследования составляют материалы Российского государственного архива древних актов (РГАДА), прежде всего документы Посольского приказа, а также их копии, хранящиеся в Центральном государственном архиве Республики Казахстан и Научном архиве «Ғылым ордасы». В работе использованы как опубликованные, так и ранее не введённые в научный оборот документы. Методологически исследование опирается на принципы источниковедческого анализа, сравнительно-исторического метода, критического сопоставления архивных и печатных версий источников и историко-биографический подход. В результате проведённого анализа установлено, что распространённое в историографии мнение о второстепенной роли Ураз-Мухаммеда, сводимой исключительно к вопросу его освобождения, является ошибочным. Источники свидетельствуют о том, что он играл заметную и активную роль в дипломатических контактах между Казахским ханством и Русским государством, участвовал во встречах с казахским послом Кул-Мухаммедом и был вовлечён в переговорный процесс. Также выявлено, что в действительности имело место несколько встреч, а расхождения в их датировке связаны с ошибками в опубликованных документах и некритическим их использованием исследователями. Автор приходит к выводу, что султан Ураз-Мухаммед являлся важным участником процесса восстановления казахско-русских дипломатических связей в конце XVI века. Его положение при русском дворе и высокий династический статус обусловили его вовлечённость в посольские контакты, пусть и преимущественно в церемониальной форме. Проведённое исследование расширяет представления о механизмах дипломатического взаимодействия того времени и актуализирует необходимость дальнейшего введения в научный оборот архивных источников по истории казахско-русских отношений.

Ключевые слова: Казахское ханство; Россия; Бухарское ханство; Ураз-Мухаммед; Кул-Мухаммед; Таваккул; посольства

XVI ғасырдың соңындағы қазақ-орыс қатынастары контекстіндегі Ораз-Мұхаммед

Н. Лапин

Жошы ұлысын зерделеу ғылыми институты, Астана, Қазақстан

Андатпа: Мақала XVI ғасырдың соңындағы қазақ-орыс дипломатиялық қатынастары жүйесінде қазақ сұлтаны Ораз-Мұхаммедтің, яғни Қасым хандығының болашақ ханының рөлін зерттеуге арналған. Оның тағдыры Алтын Ордадан кейінгі кеңістік тарихында ерекше орын алады, өйткені ол Ресей мемлекетінің аумағында бола отырып, 1594-1595 жылдары елшілік байланыстар қалпына келтірілген кезеңде Қазақ хандығы мен Мәскеу арасындағы келіссөздер үдерісіне тартылды. Тарихнамада Ораз-Мұхаммед тұлғасына тұрақты қызығушылық болғанына қарамастан, оның дипломатиялық байланыстарға нақты қатысуы ұзақ уақыт бойы жеткілікті зерттелмей келді. Мақаланың мақсаты – Құл-Мұхаммед елшілігінің Ресейде болған кезеңінде (1594-1595 жж.) қазақ-орыс келіссөздеріне сұлтан Ораз-Мұхаммедтің қатысуы мен рөлін, сондай-ақ Тәуекел ханға жіберілетін жауапты орыс елшілігін дайындау барысындағы орнын зерттеу. Қойылған мақсатқа жету үшін автор келесі міндеттерді шешуге тырысты: мәселе бойынша тарихнаманы талдау және сыни тұрғыдан пайымдау; архивтік дереккөздерді анықтау және жүйелеу; келіссөздердің мерзімін, мақсаттарын және барысын нақтылау; Қазақ хандығы мен Ресей мемлекеті арасындағы дипломатиялық байланыстар жүйесінде Ораз-Мұхаммедтің шынайы орнын айқындау. Зерттеудің деректік негізін Ресей мемлекеттік көне актілер архивінің (РМКАА) материалдары, ең алдымен Елшілік бұйрығының құжаттары, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінде және «Ғылым ордасы» ғылыми архивінде сақталған көшірмелері құрайды. Жұмыста жарияланған да, сондай-ақ бұрын ғылыми айналымға енгізілмеген құжаттар да пайдаланылды. Әдіснамалық тұрғыдан зерттеу деректанулық талдау қағидаттарына, салыстырмалы-тарихи әдіске, архивтік және баспа нұсқаларын сыни салыстыруға және тарихи-биографиялық тәсілге негізделген. Жүргізілген талдау нәтижесінде тарихнамада кең таралған, Ораз-Мұхаммедтің рөлі тек оны босату мәселесімен ғана шектеледі деген пікірдің қате екендігі анықталды. Дереккөздер оның Қазақ хандығы мен Ресей мемлекеті арасындағы дипломатиялық байланыстарда елеулі әрі белсенді рөл атқарғанын, қазақ елшісі Құл-Мұхаммедпен кездесулерге қатысқанын және келіссөздер үдерісіне тартылғанын көрсетеді. Сондай-ақ шын мәнінде бірнеше кездесу болғаны анықталып, олардың мерзіміндегі айырмашылықтар жарияланған құжаттардағы қателіктермен және зерттеушілердің оларды сыни тұрғыдан пайдаланбауымен байланысты екені айқындалды. Автор сұлтан Ораз-Мұхаммедтің XVI ғасырдың соңында қазақ-орыс дипломатиялық байланыстарын қалпына келтіру үдерісінің маңызды қатысушысы болғаны туралы қорытындыға келеді. Оның орыс сарайындағы жағдайы мен жоғары әулеттік мәртебесі елшілік байланыстарға, негізінен рәсімдік сипатта болса да, қатысуына ықпал етті. Жүргізілген зерттеу сол кезеңдегі дипломатиялық өзара әрекеттесу тетіктері туралы түсінікті кеңейтіп, қазақ-орыс қатынастары тарихы бойынша архивтік дереккөздерді ғылыми айналымға енгізудің қажеттілігін өзекті етеді.

Түйін сөздер: Қазақ хандығы; Ресей; Бұқар хандығы; Ораз-Мұхаммед; Құл-Мұхаммед; Тәуекел; елшіліктер

Сілтеме жасау үшін: Лапин Н. XVI ғасырдың соңындағы қазақ-орыс қатынастары контекстіндегі Ораз-Мұхаммед. *Journal of the National Congress of Historians*. 2025. Vol.2, no.2, pp.96-116. <https://doi.org/>

Кіріспе

Алтын Ордадан кейінгі ортағасырлық кезең тұлғаларының арасында Қасым хандығының билеушісі, қазақ сұлтаны Ораз-Мұхаммедтің орны ерекше. Бұл көбіне оның сол заманға тән емес күрделі әрі жарқын тағдырымен де байланысты. Қазақ хандарының тікелей ұрпағы бола отырып, ол Қазақ даласындағы билікке үміткер бола алар еді, алайда тағдыр мен тарихи жағдайлардың жазуымен 1600 жылы туған жерінен жырақтағы Қасым хандығында таққа отырды және өмірінің соңына дейін Ресей мемлекеті шегіндегі осы түркі-мұсылман иелігінің басшысы болып қалды.

Ораз-Мұхаммедтің өмірінің басым бөлігі Ресей тарихымен байланысты, себебі ол 1588 жылы Тобыл әскери қолбасшысы Данил Чулковтың қолына ұсталғаннан кейін жас кезінде Ресейге жеткізілді. Енді ешқашан туған жеріне оралмаса да, Ораз-Мұхаммед XVI ғасырдың соңына қарай қайта жандануға талпыныс жасалған Қазақ хандығы мен Ресей мемлекеті арасындағы қатынастарда өз рөлін атқара алды.

Екінші жағынан, Ораз-Мұхаммед тұлғасының айқын маңызына және белгілі бір дәрежедегі «танымалдығына» қарамастан, оның өмірі мен қызметінің барлық қырларын жан-жақты қамтитын таза академиялық, ғылыми зерттеулер аса көп емес. Оның өмірінің жекелеген кезеңдері, тек балалық және жастық шағы, яғни Қазақ хандығындағы және Сібірдегі кезеңі ғана емес, кейінгі уақыттағы, соның ішінде Қасым хандығы ханы мәртебесіндегі өмірі де әрдайым толық әрі айқын баяндала бермейді. Бұл көп жағдайда осы Қасым хандығы ханының өміріндегі барлық жағдайларды сенімді түрде зерттеуге мүмкіндік беретін дереккөздер шеңберінің өте шектеулі, тіпті жұтаң болуымен байланысты.

Сонымен бірге, Ораз-Мұхаммедтің тағдыры оның өмірінің соңғы он жылында өзі басқарған Қасым хандығының тарихын немесе XVII ғасырдың басындағы Ресей мемлекетіндегі Аласапыран кезеңінің тарихын зерттеу үшін ғана қызықты емес, ол бұл оқиғаларда да өз рөлін атқарды. Ораз-Мұхаммед қазақ-орыс қатынастары тарихында да ерекше орын алды, ал бұл қатынастардың қалыптаса бастауы нақ XVI ғасырға сәйкес келеді.

Осы мақаланың мақсаты – архив құжаттары негізінде Ресейде болған сұлтан Ораз-Мұхаммедтің қазақ елшісі Құл-Мұхаммедтің Ресейде болуы кезінде (1594-1595 жж.) жүрген қазақ-орыс келіссөздеріне қатысуы мен рөлін, сондай-ақ Вельямин Степанов бастаған жауапты орыс елшілігін қазақ ханы Тәуекелдің ордасына аттандыруды әзірлеу барысындағы орнын зерттеу.

Қойылған мақсатты жүзеге асыру үшін мынадай міндеттер шешілуі қажет: Ораз-Мұхаммедтің қазақ-орыс елшілік байланыстарына қатысуы мәселесіне қатысты анықталған тарихнамалық еңбектер кешенін талдап, сыни тұрғыдан пайымдау; зерттеліп отырған мәселеге қатысты материалдарды, ең алдымен Ресей мемлекеттік көне актілер

архивінде (Мәскеу қ., Ресей Федерациясы) сақталған деректерді жинақтап, саралау; тарихнамада әлі шешілмеген немесе ішінара ғана қарастырылған қазақ елшілігіне қатысты жекелеген мәселелерді, мысалы мерзімін, мақсаттарын, келіссөздердің барысын және тағы басқа қырларын анықтау; тарихи дереккөздердің жиынтығы негізінде 1590-жылдардағы қазақ-орыс дипломатиялық байланыстары барысында Ораз-Мұхаммедтің шынайы рөлі мен орнын көрсету.

Материалдар мен әдістер

1594-1595 жылдары Қазақ хандығы мен Ресей мемлекеті арасындағы дипломатиялық қатынастардың орнау жағдайларын зерттеуге арналған барлық жазбаша тарихи деректер кешені Ресей мемлекеттік көне актілер архивінде (РМКАА) (No.122 қор – «Қырғыз-қайсақ істері – (коллекция) Елшілік бұйрығы мен Елшілік канцеляриясы қорларынан») сақталған. РМКАА-дағы елшілік құжаттарының жекелеген көшірмелері Қазақстанның екі архивінде сақтаулы. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінде 2000-жылдардың басында жасалған микрофильм көшірмелері бар (No.2300 қор - «Шетел архивтерінен келіп түскен Қазақстан тарихы бойынша құжаттар көшірмелерінің коллекциясы», No.10 тізім «1585-1876 жылдарға арналған Ресей мемлекеттік көне актілер архиві қорларынан алынған құжаттардың көшірмелері (микрофильмдер)») (ҚР ОМА, 72-қор, 73-қор, 75-қор). «Ғылым ордасы» ғылыми архивінде Қазақ КСР ҒА Тарих және этнография институтының қызметкері Н.Г. Аполлова 1950-жылдары жасаған елшілік құжаттарынан үзінділер сақталған (No.11 қор – Тарих және этнология институты, No.4 тізім «Архивтік көшірмелер») (ҒО ҒА, 11-қор, 4-тізім, 156-іс, 1-17-бб.).

Мәскеуге барған қазақ елшілігінің тарихына қатысты құжаттардың едәуір бөлігі әр жылдары бірнеше жинақтар мен материалдарда, сондай-ақ түрлі басылымдарға қосымша ретінде жарияланған ([Материалы ... 1932: 291-296](#); [Казахско-русские ... 1961: 3-14](#); [Хрестоматия ... 1962: 733-735](#); [Под стягом ... 1992: 354-361](#); [История вхождения ... 1996: 77-78](#); [Посольские материалы ... 2005: 191-211](#); [Абуев 2016: 174-181](#); [Жаппасов 2011: 183-200](#); [Жаппасов 2014: 213-231](#)).

1594-1595 жылдардағы қазақ елшілігінің құжаттары алғаш рет 1932 жылы «Өзбек, Тәжік және Түрікмен КСР тарихы бойынша материалдар» жинағында жарияланды ([Материалы 1932: 291-296](#)). Атап айтқанда, XVI ғасырдың соңындағы қазақ-орыс дипломатиялық байланыстары туралы деректерді тікелей қамтитын төрт құжат алғаш рет жарық көрді, олардың ішінде аса мазмұнды дереккөздердің бірі – «Қазақ сұлтаны Ораз-Мұхаммедтің Мәскеудегі өз сарайында Қазақ ордасының елшісі Құл-Мұхаммедпен жеке әңгімесінің жазбасы, онда, соның ішінде, казактардың Бұхараға қарсы соғыс ашу мүмкіндігі туралы мәселе қозғалған» ([Материалы ... 1932: 291-292](#)).

Алайда бұл басылым дереккөздерді қолжетімді еткенімен, шешуші кезең бола алмады. Бұл мәртебе 1961 жылы жарық көрген «Қазақ-орыс қатынастары» құжаттар жинағына тиесілі ([Казахско-русские ... 1961: 3-14](#)). Жоғарыда айтылғандай, дәл осы құжаттар жарияланымы мәселені зерттеудің жаңа кезеңін бастауға түрткі болды. Сол уақыттан бастап бүгінгі күнге дейін Қазақ хандығы мен Ресей мемлекеті арасындағы дипломатиялық байланыстар тарихына жүгінген зерттеушілердің басым бөлігі дәл осы жинақта жарияланған құжаттарды пайдаланады. Бұл, ең алдымен, 1961 жылы

РГАДА-дан 1594-1595 жылдардағы оқиғаларға тікелей қатысты барлығы 11 құжаттың жариялануымен түсіндіріледі (*Казахско-русские ... 1961: 3-14*). Осы жинақтағы материалдар зерттеушілер үшін таптырмас дереккөзге айналды. Олардың ғылыми айналымға енгізілуі тарихнамада алғаш рет сол жылдардағы Қазақ хандығы мен Ресей патшалығы арасындағы дипломатиялық байланыстар мәселесін дербес қарастыруға, соның ішінде Ораз-Мұхаммед сұлтанның осы оқиғаларға қатысуын зерттеуге мүмкіндік берді.

Айта кету керек, кейінірек елшілік құжаттары тағы бірнеше рет жарияланды, алайда бұл жаңа басылым емес, 1961 жылы жарияланған құжаттардың толық немесе ішінара қайта басылымдары болды (*Абуев 2016: 174-181; Жаппасов 2011: 183-200; Жаппасов 2014: 213-231; Под стягом ... 1992: 354-361; История вхождения ... 1996: 77-78; Посольские материалы ... 2005: 191-196, 198-211*).

Мақалада пайдаланылған жарияланған елшілік материалдары РМКАА-дағы түпнұсқа құжаттармен де салыстырылды. Салыстыру нәтижесі көрсеткендей, жалпы алғанда жарияланған материалдарда бірқатар дәлсіздіктер мен елеулі қателіктер бар, алайда Ораз-Мұхаммедтің өзі мен оның екіжақты қатынастарға қатысуына қатысты бөліктерде архивтік дереккөздер мәтіндері мен олардың жарияланымдары арасында елеулі айырмашылықтар анықталмады.

Зерттеу тұрғысынан жұмыс деректанулық талдауға, салыстырмалы-тарихи әдіске және дереккөздерді сыни салыстыруға негізделген. Негізгі қолданылатын әдіс – тарихи тұлғалардың өмір жолын қалпына келтіруде пайдаланылатын тарихи-биографиялық әдіс. Бұл әдісті қолдану тұлғаның жеке ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді, ал бұл өз кезегінде Ораз-Мұхаммедтің әртүрлі жағдайларда қабылдаған әрекеттерінің логикасын тереңірек түсінуге көмектеседі.

Әдеби шолу

Тарихнамада қазақ-орыс қатынастарына байланысты Ораз-Мұхаммед туралы хронологиялық тұрғыдан ең ерте мәлімет Николай Михайлович Карамзиннің классикалық еңбегі «История государства российского» шығармасында кездеседі. Бұл еңбекте Ораз-Мұхаммедтің есімі Құл-Мұхаммед елшілігімен байланысты аталып, оның басты мақсаты ретінде сұлтанды босату көрсетіледі (*Карамзин 1824: 198*).

Алексей Ираклиевич Левшин Н.М. Карамзиннің еңбегіне және архивтік құжаттарға сүйене отырып, Ораз-Мұхаммедті босатуды қазақ миссиясының негізгі мақсаттарының бірі ретінде, орыс бодандығын қабылдаумен қатаратайды (*Левшин 1832: 50*). Алайда ол Тәуекел ханның бодандыққа кіру ниетіне күмән келтіріп, оны тек «бос уәде» деп бағалап, шын мәнінде басты мақсат – сұлтанды босату болғанын айтады (*Левшин 1832: 51*).

Н.М. Карамзин мен А.И. Левшин еңбектері XVI ғасырдың соңындағы Ресей мемлекеті мен Қазақ хандығы арасындағы дипломатиялық байланыстар тарихнамасының алғашқы кезеңін және ондағы Ораз-Мұхаммедтің рөлін айқындап берді. Кейінгі зерттеулердің басым бөлігі олардың тұжырымдарын қайталап отырды. Бұл Василий Владимирович Вельяминов-Зерновтің іргелі зерттеуіне де тән. Онда Ораз-Мұхаммедтің өмірбаяны кеңінен қарастырылғанымен, оның қазақ-орыс келіссөздеріндегі рөлі ашылмай, тек Құл-Мұхаммедтің Мәскеуге келуімен байланысты аты ғана аталады (*Вельяминов-Зернов 1864: 104*).

Кейінгі авторлар – Н.И. Красовский, И.И. Крафт, М.А. Терентьев, Н.М. Карамзин мен А.И. Левшиннің көзқарастарын ұстанып, Ораз-Мұхаммедтің қазақ-орыс келіссөздеріндегі орнын тек оны босату мәселесімен шектейді ([Красовский](#) 1868: 44; [Крафт](#) 1898: 11; [Терентьев](#) 1906: 12).

XX ғасырдың басындағы оқиғалар да бұл мәселеге қатысты тарихнаманы айтарлықтай өзгертпеді. 1920-1940 жылдары Александр Павлович Чулошников, Александр Федорович Миллер, Владимир Борисович Кобрин еңбектерінде Ораз-Мұхаммед тек Тәуекел ханды елшілік жіберуге мәжбүр еткен фактор ретінде қарастырылып, оның келіссөздерге қатысуы мүлде талданбайды ([Чулошников](#) 1924: 147; [Миллер](#) 1942: 55; [Кобрин](#) 1946: 56).

1961 жылы «Казахско-русские отношения» атты құжаттар жинағы жарық көріп, онда XVI ғасырдың соңындағы қазақ-орыс дипломатиялық байланыстарына қатысты деректер жарияланды. Бұл басылым тарихнаманың бірінші кезеңін аяқтап, мәселені зерттеудің жаңа кезеңін бастады.

Екінші кезеңнің ерекшелігі – Қазақстан мен Ресей арасындағы дипломатиялық байланыстарға арналған арнайы зерттеулердің пайда болуы. Ең маңыздысы – Ораз-Мұхаммедтің дипломатиялық байланыстардағы рөліне назар аударыла бастады. Мұндай алғашқы еңбектердің бірі – Владимир Яковлевич Басиннің зерттеулері. Ол Ораз-Мұхаммедтің екіжақты келіссөздерге тікелей қатысқанын, орыс патшасының мүддесін білдіргенін көрсетіп, жауапты орыс елшілігін дайындау үдерісін және Мәскеудің талаптарын талдады ([Басин](#) 1965: 42-45).

В.Я. Басин «Россия и казахские ханства в XVI-XVIII вв.» атты еңбегінде Тәуекел ханның елшілік жіберуін «достық келісім орнату» әрекеті ретінде түсіндіріп, Ораз-Мұхаммедті босату негізгі мақсат болды деген көзқарасты жоққа шығарады. Оның пікірінше, басты мақсат – Ресейден әскери көмек алу болған ([Басин](#) 1971: 91-92).

Мадина Хамитовна Абусейтова өз еңбегінде (1985) Құл-Мұхаммед елшілігінің мақсаттарының бірі ретінде Ораз-Мұхаммедті босатуды атап өтеді, сонымен қатар Бұхара билеушісі Абдаллахқа қарсы күресте әскери көмек алу маңызды болғанын көрсетеді ([Абусейтова](#) 1985: 81).

1990-2000 жылдары қазақстандық және ресейлік зерттеушілердің (К.К. Әбуев, И.А. Мұхаммадеева, Ж.Е. Жаппасов, Н.А. Атығаев, Т.И. Сұлтанов, Я.Г. Солодкин, Д.В. Васильев, А.В. Беляков және т.б.) еңбектерінде Ораз-Мұхаммедтің қазақ-орыс қатынастарындағы рөлі қарастырылады.

Олардың ішінде К.К. Әбуев пен И.А. Мұхаммадееваның еңбектері ерекше орын алады. Олар Ораз-Мұхаммедтің өмірбаянын жан-жақты зерттеп, оның дипломатиялық байланыстардағы рөліне арнайы тоқталады. Бұл зерттеулерде қазақ елшілігінің бірнеше мақсаты болғаны, соның бірі – Ораз-Мұхаммедті босату екені көрсетіледі.

Сонымен қатар, зерттеушілер Тәуекел хан Ораз-Мұхаммедті босату үшін шарттарды орындағанымен, сұлтанның Қазақстанға қайтарылмағанын атап өтеді. Мұхаммадееваның пікірінше, мұның себебі – оның Ресейдің әскери және саяси жүйесін жақсы білуі, яғни қазіргі тілмен айтқанда «елден шығарылмайтын тұлғаға» айналуы.

Қазіргі ресейлік зерттеушілердің ішінде Дмитрий Викторович Васильевтің еңбектерін атап өткен жөн. Ол Ораз-Мұхаммедті Құл-Мұхаммед елшісін қабылдауға жауапты тұлға ретінде қарастырады және қазақ елшілігінің басты мақсаты – мемлекетаралық қатынастар орнату болғанын көрсетеді.

Д.В. Васильевтің пікірінше, Қасым хандығы Ресей мен Қазақ даласы арасындағы дипломатиялық байланыстардың басталуына негіз болған саяси құрылым болды.

2019 жылы Александр Викторович Беляковтің «Ураз-Мухаммед ибн Ондан...» атты еңбегі жарық көрді. Бұл еңбекте Ораз-Мұхаммедтің қазақ-орыс келіссөздеріндегі рөлі кең ашылмағанымен, жаңа деректер келтіріліп, оның Құл-Мұхаммедпен бірнеше рет кездескені көрсетіледі.

Сол жылы И.В. Соколовский мен Д.В. Сапрынскаяның мақаласында Ораз-Мұхаммедтің XVI ғасырдың соңындағы қазақ-орыс дипломатиялық қатынастарында маңызды рөл атқарғаны атап өтіледі.

2020 жылы Мухит Жамалханович Абдировтің «Қазақ ханы Ресей мемлекетінде» атты монографиясы жарық көрді. Онда Ораз-Мұхаммедтің қазақ-орыс қатынастарындағы рөлі қысқаша сипатталып, оның маңыздылығы тағы да расталады.

Осылайша, тарихнамалық шолу Ораз-Мұхаммедтің қазақ-орыс дипломатиялық байланыстарындағы рөлін бағалау уақыт өте келе айтарлықтай өзгергенін көрсетеді. XIX ғасырдың басынан XX ғасырдың 60-жылдарына дейінгі алғашқы кезеңде оған пассивті рөл беріліп, тек босату мәселесімен шектелсе, кейінгі кезеңде оның келіссөздерге белсенді қатысушы, тіпті негізгі тұлғалардың бірі болғаны туралы көзқарастар қалыптаса бастады.

Нәтижелер

Дереккөздер ([Опись 1836: 339](#)), ([Опись 1960: 24](#)) қазақ-орыс қатынастары тарихындағы алғашқы дипломатиялық байланыстар 1519-1520 жылдарға тиесілі болуы мүмкін екенін болжауға мүмкіндік береді. Зерттеушілердің бір бөлігі (А. Исаин, Н. Атығаев) ([Исин 2002: 65](#); [Атығаев 2007: 392](#)) дәл осы кезеңді қазақ-орыс қатынастарының орнауымен байланыстырады. Бұл болжам Ноғай иеліктерінің Қазақ хандығына қосылуы нәтижесінде Солтүстік Каспий маңында қалыптасқан жағдай тұрғысынан алғанда әбден қисынды әрі түсінікті. Басқа да жорамалдар айтылғанымен, жалпы алғанда зерттеушілердің көпшілігі Қазақ хандығы мен Ресей арасындағы ең ерте байланыстар XVI ғасырдың басына жатады деген пікірге бейім ([Абуев 2006: 138](#); [Васильев 2015: 35](#); [Кляшторный, Султанов 1992: 275](#); [Темиргалиев 2009: 205-206](#); [Темиргалиев 2013: 11](#)).

Одан кейін бірнеше онжылдыққа созылған елеулі үзіліс болады, осы кезең ішінде бірде-бір елшілік тіркелмеген. Қазақ-орыс байланыстарының жалғасуы туралы тек XVI ғасырдың 70-жылдарында ғана айтуға болады. Атап айтқанда, дереккөздер сол жылдардағы екі дипломатиялық оқиға туралы хабар береді.

Бірінші оқиға – Третьяк Чебуков бастаған орыс елшілігі. Бірқатар жылнамалардан 1573 жылдың жазында бұл елшіліктің Көшімнің жиені Мәметқұл сұлтан тарапынан тоналғаны, ал елшілік мүшелерінің барлығы («қызметші татарлар») және орыс елшісінің өзі өлтірілгені белгілі ([Летопись Сибирская 1821: 10](#); [Сибирские летописи 1907: 6, 53](#)).

Екінші оқиға 1570-жылдардың ортасына шартты түрде жатқызылатын, көпшілікке онша мәлім емес өзара елшіліктермен байланысты. Тарихнамада бұған алғашқылардың бірі болып А.И. Исин назар аударған ([Исин 1988: 164](#)). Бұл байланыстардың бастамашысы Хақназар хан бастаған қазақ жағы болды ([Посольские материалы 2005: 170-171](#)). Болжам бойынша, байланыстардың мақсаты, ноғай билеушілерінің қатты алаңдаушылығын

ескерсек, оларға қарсы бағытталған қазақ-орыс одағын құру болған. Оқиғалардың хронологиялық жақындығына сүйене отырып, бұл екі дипломатиялық оқиғаның бір-бірімен байланысты болуы мүмкін екенін де жоққа шығармаймыз.

Одан кейін тағы үзіліс болады да, тек 1590-жылдардың ортасында ғана елшілік байланыстар қайта жанданады. Дәл 1594-1595 жылдарға сәйкес келген осы кезеңдегі дипломатиялық оқиғалар барысында болашақ Қасымов патшасы Ораз-Мұхаммед елеулі орын алды.

1594 жылы қазақ ханы Тәуекел Федор Иванович патшаның сарайына, Мәскеуге елшілік жіберуге бастамашы болды. Бұл миссия бірден бірнеше мақсатты көздеді: әскери-техникалық көмек («от қарулы әскер») алу, Шибанилерге қарсы бағытталған әскери одақ құру және Ресейде жүрген сұлтан Ораз-Мұхаммедті босату¹.

Дереккөздер қазақ миссиясының Мәскеуге қашан барғанын әзірге шамамен болса да мерзімдеуге мүмкіндік береді. Шамасы, Құл-Мұхаммед 1594 жылдың соңында немесе 1595 жылдың ең басында-ақ Мәскеуде болған, сол кезде ол сұлтан Ораз-Мұхаммедпен кездесулерінің бірін өткізген². Ал миссияның аяқталу мерзімі анағұрлым нақты – 1595 жылдың көктемі (наурыздың соңы немесе сәуірдің басы), осы кезде патша әмірімен Құл-Мұхаммед Вельямин Степанов елшілігінің құрамында Ресей астанасынан шығып кеткен³.

Елшілік жұмысының нәтижесі – Федор Ивановичтің Тәуекел ханды «патша қоластына қабылдау» туралы грамотасы және осы ретте қойылған мынандай шарттары болды: «біздің тілазарларымыз Бұхара патшасы мен Сібірдің Көшім патшасына қарсы соғысып, оларды біздің патша қоластымызға өткізу, ал Көшім патшаны ұстап алып, біздің патшалық ұлылығымыздың табалдырығына жіберу».⁴ Бұдан кем түспейтін маңызды шарт – Ораз-Мұхаммедке айырбас ретінде Тәуекел ханның ең жақын туыстарының бірін жіберу болды.⁵

Құл-Мұхаммед миссиясының ең маңызды нәтижесі, сірә, жауапты орыс елшілігін ұйымдастыру болды. Оны Елшілік приказдың тілмашы, бояр баласы Вельямин Степанов басқарды.⁶

Дереккөздерді талдау Құл-Мұхаммед миссиясы Мәскеуде болған кезде оның Ораз-Мұхаммедпен бірнеше рет кездескенін айтуға мүмкіндік береді.^{7,2} Негізінде, Федор Иванович патшаның мүддесін білдірген Ораз-Мұхаммед пен Тәуекел ханның елшісі Құл-Мұхаммедтің кездесулері қазақ-орыс келіссөздерінің негізгі бөлігін құрады. Іс жүзінде белгілі бір кезеңде Ораз-Мұхаммед оқиғалардың дәл ортасында болып, 1594-1595 жылдардағы Қазақ хандығы мен Ресей мемлекеті арасындағы дипломатиялық қатынастардың басты қатысушыларының біріне айналды.

Қазақ елшісінің орыс тарапы өкілдерімен алғашқы белгілі кездесуі 1595 жылдың қаңтар айының ортасында Мәскеуде, Ораз-Мұхаммедтің ауласында өтті². Сұлтан мен қазақ елшісінің осы кездесуінің егжей-тегжейі белгісіз, алайда үлкен ықтималдықпен бұл кездесудің ресми сипатта болғанын, онда елшіліктің негізгі мақсаттары айтылғанын болжауға болады. Бұл кездесуге, кейінгісіндегідей, Елшілік приказ өкілдері мен Құл-Мұхаммедпен бірге келген қазақ елшілігінің мүшелері де қатысқан болуы керек.

Араға бірнеше күн салып сұлтан Ораз-Мұхаммед пен қазақ елшісінің екінші кездесуі өтті. 1595 жылғы 20 қаңтарда Ораз-Мұхаммед сол кездегі Елшілік приказын басқарған Василий Щелкалов арқылы Құл-Мұхаммедтің «тағы да өзіне келуіне» рұқсат сұрап, одан «өз туыстары жайлы» сұрағысы келетінін айтты және патшазада бұл кездесудің «оңаша» өткенін қалады.⁸

Сол кезде рұқсат беріліп, «сол күні елші патшадазаның қасында болды».⁹ Алайда бұл жағдайда да әңгіме екі жерлестің жай ғана жеке сұхбаты болған жоқ және ол, күткендей, мүлде «оңаша» өтпеді. Әңгіме барысында, кем дегенде, құжаттардан бізге мәлім бөліктерінде Ораз-Мұхаммед пен Құл-Мұхаммедтің әңгімесіне Елшілік приказдың тілмаштары Степан мен Вельямин Степановтар қатысқан⁹. Бұған қоса, Ораз-Мұхаммедтің қазақ елшісіне қойған сұрақтарының сипаты, әсіресе Қазақ хандығының сыртқы саяси ортасы және Тәуекел ханның көршілерімен қарым-қатынасы туралы сауалдары, бұл кездесудің жекеше емес, керісінше, әбден ресми, жұмыс сипатындағы кездесу болғанына күмән қалдырмайды.

Архив құжаттары өткен екі кездесуден өзге, кемінде тағы бір кездесу болғанын көрсетеді. Атап айтқанда, бұған 1595 жылдың қаңтар айының соңымен мерзімделетін құжат үзіндісі анық дәлел бола алады. Онда патшаның Ораз-Мұхаммедке берген әмірі берілген, соған сәйкес «оның [яғни Ораз-Мұхаммедтің] поместьесінде қазақ елшісі анасының, әйелдерінің және әпке-сіңлілерінің қасында болады; ал патшадаза өз поместьесіне барып, елшіні сол жерде күтіп, әзірленсін, оның поместьесінде елшіге лайық көпшілік те, сән-салтанат та болсын» делінген.¹⁰ Ораз-Мұхаммедке қазақ елшісін қарсы алуға дайындалу жөніндегі тапсырма берілген құжат 1595 жылдың қаңтар айының соңымен даталанғанын ескерсек, бұл үшінші кездесу, шамасы, 1595 жылдың ақпанында немесе наурыз айының басында өткен. Оны құжатты жариялаушылар ешбір салмақты негізсіз «1594 жылдан кеш емес» деп мерзімдеген, ал құжаттың өзінде мұндай мерзімдеуді растайтын деректер жоқ⁷ (*Казахско-русские* 1961: 5).

Өз челобитнаясында патшаға өзіне «жүз рубль» жібергені үшін алғыс айтқан Ораз-Мұхаммед екі күн бойы оның поместьесінде патшаның дворяны Петр Новосильцов, тілмаш Булгак Алексеев және «Қазақ ордасының елшісі Құлмаммет» болғанын хабарлаған⁷ (*Казахско-русские* 1961: 5)

Ораз-Мұхаммедке жалақыдан тыс бөлінген «жүз рубль» оның өз поместьесінде қазақ елшілігін қабылдағаны үшін берілген өтемақы және қазақ тарапымен келіссөздерге қатысқаны үшін патшадазаға көрсетілген сый-құрмет болған деп жорамалдай аламыз.

Архив құжаттарының мазмұны қазақ және орыс тараптарының қандай мақсаттарды көздегенін және қай тарап қандай мәселелер көтергенін барынша дәл көрсетуге мүмкіндік береді. Байланыстарды қалпына келтіруге бастамашы болған қазақ жағының ұстанымын анықтау үшін 1595 жылғы қаңтарда өткен Құл-Мұхаммед пен Ораз-Мұхаммедтің екінші әңгімесінің жазбасы¹¹, сондай-ақ бірқатар өзге құжаттар¹² аса мазмұнды дереккөз болып табылады.

Қазақ елшілігінің Мәскеуге жіберілу себептерін Қазақ хандығы тұрған сол кездегі сыртқы саяси жағдайдан іздеу керек. Қаңтардағы кездесу кезінде Құл-Мұхаммед Ораз-Мұхаммедке қазақ билеушілерінің сол сәтте «Бұхара патшасымен... уақытша бейбітшілікте, сондай-ақ Ноғаймен және Шти Братпен бейбіт жағдайда, ал Тенехматтың балаларымен және Орыс ұрпақтарымен не олай, не бұлай емес» екенін жеткізген⁶. Алайда одан әрі Тәуекелдің ниеттері мен ханның нақты өтініштерін түсіндіре отырып, ол, шын мәнінде, қазақ билеушісінің орыс патшасына жүгінуінің шынайы себептерін ашып береді. Қазақ елшісі қазақ тарапының мынадай ұсыныстарын жеткізді: «егер мемлекет патшаны және патшадаларды өз патшалық қоластына қабылдап, сені босатуды қаласа, мен шын айтамын, Тәуекел патша аманатқа патшадазаны жібереді; ал мемлекет патша

мен патшадаларға от қарулы әскер берсе, онда Тәуекел патша мен патшадалар сөзсіз Бұхара патшасына қарсы соғысады»¹

Мұнда қазақ ханы қойған екі міндет анық көрінеді. Біріншіден, бұл – Ораз-Мұхаммедті босату және оның орнына Мәскеуге басқа бір қазақ сұлтанын жіберу туралы ұсыныс. Яғни бұл жерде аманатты ауыстыру туралы сөз болып отыр («аманатқа жібереді»). Екіншіден, бұл – Бұхар хандығына қарсы күресте «от қарулы әскер», яғни әскери көмек алу. Я.Г. Солодкин «от қарулы әскер» дегенде қазақ жағы оқ-дәрілі қаруды емес, сол қарумен жарақтанған орыс әскерін меңзегенін атап өтеді (Солодкин 1997: 148).

Бұл жағдайда біз В.Я. Басиннің кезінде берген түсіндіруін қабылдаймыз: елшіліктің басты мақсаты бәрібір Ресей мемлекетінен Бұхарамен қарсыластықта әскери көмек алу болған, ал Ораз-Мұхаммед мәселесі келіссөзге түрткі болған сылтау іспетті еді (Басин 1971: 91-92).

Құл-Мұхаммед миссиясы барысында сұлтан Ораз-Мұхаммед тағы бір маңызды мәселеде, атап айтқанда қазақтардың Иранмен (Қызылбас мемлекетімен) елшілік байланыстарын орнату ісінде елеулі рөл атқарды. Қазақ-иран байланыстары туралы бұл сюжет тарихнамада белгілі болғанымен, сол оқиғалардағы Ораз-Мұхаммедтің рөлі атап көрсетілмеген (Атыгаев 2004: 245-246). 1595 жылғы 20 қаңтарда қазақ елшісінің Ораз-Мұхаммедпен екінші кездесуінде Құл-Мұхаммед сұлтаннан орыс билігінің қазақ миссиясының сол кезде Мәскеуге келген иран елшілігімен байланыс орнатуына рұқсат беруіне ықпал етуді сұрады. Құл-Мұхаммед иран елшісімен кездескісі келетінін Бұхар хандығының тек Қазақ хандығына ғана емес, Қызылбас мемлекетіне де қарсылас екенімен түсіндіріп, осы негізде Ораз-Мұхаммедтен кездесуді ұйымдастыруға жәрдем етуді өтінді¹³. Құл-Мұхаммедтің иран елшісімен кездесуге ұмтылуы және мұны қазақтар мен Бұхара арасындағы қарсыластықпен түсіндіруі, біздіңше, қазақ миссиясының басты мақсаты ханның жиенін босату емес, бәрібір әскери-саяси фактор болғанының қосымша дәлелі болып табылады.

Қазақ елшісінің өтінішіне Ораз-Мұхаммед бірден үн қатып: «мен бұл туралы патшаның дьягі Василий Щелкаловпен сөйлесемін, әрі Борис Федоровичке де тапсырамын, Борис Федорович мұны мемлекет патшадан сұрап алар деп ойлаймын, мұның мемлекетке зияны жоқ» деген.¹⁴

1595 жылғы 28 қаңтарда Ораз-Мұхаммед Елшілік приказ басшылығымен кездесіп, қазақ жағының өтінішін жеткізді: «патшадаза Оразмағмет Елшілік палатасында дьяк Василий Щелкаловтың алдында болып, елші Құлмағметтің өзіне айтқан әңгімелерінің бәрін баяндады, сондай-ақ дьяк Василий Щелкаловқа: Василий қызметші әрі атқосшы боярин Борис Федоровичке баяндасын, ал Борис Федорович патшаға жеткізіп, Қазақ ордасының елшісіне Қызылбас елшісімен көрісуге рұқсат бергізсін, Қызылбас елшісі сонымен бірге Қазақ ордасына адам жіберсін, ал қазақ елшісі шахқа шах елшісі Ғадібекпен бірге адам жіберіп, сол адамдар арқылы шахпен хабарлассын» деді.¹⁵

Көріп отырғанымыздай, сұлтан Ораз-Мұхаммедтің қатысуымен қазақ елшісі Мәскеуде сол кезде болған парсы елшісі Ғадібекпен кездесіп қана қоймай, кейінгі оқиғалар көрсеткендей, иран елшілігінің өкілі – «Қызылбас шахының адамы Дервиш-Мәметтің» Құл-Мұхаммедпен бірге қазақ ханының ордасына келіссөзге аттануына да рұқсат ала алды.^{16,9}

Талқылау

Тарихнамада Ораз-Мұхаммедтің қазақ елшісімен кездесуге қатысу уақыты әртүрлі мерзімделеді. Мысалы, В.Я. Басин қазақ елшісі Құл-Мұхаммедтің патшадаза Ораз-Мұхаммедпен әңгімесі 1594 жылдың қаңтарында Мәскеуде өтті деп есептеген (Басин 1965: 43). Кейінірек ол бұл мерзімдеуді қайта қарап, Құл-Мұхаммед елшілігі Мәскеуге тек 1594 жылдың соңында ғана келгенін атап өтті (Басин 1971: 91). М.Х. Әбусейітова қазақ елшісінің Ораз-Мұхаммедпен кездесуін 1595 жылдың басымен, ал миссияның Мәскеуге жіберілу уақытын тұтастай 1594 жылмен мерзімдеген (Абусейітова 1985: 81).

И.А. Мұхаммадеева еңбектерінің бірінде Тәуекел ханның Мәскеуге елшілікті 1594 жылдың жазында жібергенін болжайды (Мухаммадеева 2007: 240), ал басқа бір жұмысында – сол жылдың күзінде деп көрсетеді (Мухаммадеева 2008: 11). Сонымен қатар, осы еңбектердің өзінде ол елшілік оқиғаларын ұсынылған жөнелтілу уақытымен тікелей қайшы келетін түрде мерзімдейді. Мәселен, «XVI ғасырдың соңында Қазақстан мен Ресейдің дипломатиялық байланыстарының қалыптасуы» атты мақаласында Құл-Мұхаммедтің 1594 жылдың күзінде жіберілгенін болжай отырып, келесі бетте-ақ қазақ елшісінің Ораз-Мұхаммедпен әңгімесінің барысын аша келе, оқиға мерзімі – 20-қаңтар деп көрсетілген құжат үзіндісін келтіреді. Ал дәлел ретінде, зерттеушінің өзі атап өткендей, «1594 жылдан кеш емес» деп мерзімделген Ораз-Мұхаммедтің челобитнаясын көрсетеді (Мухаммадеева 2008: 12). Осылайша, Құл-Мұхаммед Мәскеуде 1594 жылдың қаңтарында-ақ болған болып шығады, демек ондай жағдайда оны Тәуекел сол жылдың күзінде жібере алмас еді. Қазақ елшілігі 1594 жылдың қаңтарында-ақ Мәскеуде болды деген пікірді Д.В. Васильев те ұстанады (Васильев 2015: 36).

А.В. Беляковтың бірқатар еңбектерінде Ораз-Мұхаммедтің Тәуекел хан елшісімен «бетпе-бет» өткен кездесулерінің бірі бірнеше рет аталып, зерттеуші оны да 1594 жылмен мерзімдейді (Беляков 2007: 34; Трепавлов, Беляков 2018: 177, 248, 332, 349).

Егер тарихнамадан келтірілген жоғарыдағы деректерді қорытындыласақ, қазақ-орыс келіссөздерінің мерзімделуінде бірізділік жоқ екенін оңай байқауға болады. Зерттеушілер елшіліктің жалпы жылдарын (1594-1595 жж.) көрсетуде бір пікірде болғанымен, мәселені нақтылауға келгенде елеулі әрі өзара қайшы нұсқалар кездеседі. Ораз-Мұхаммедтің Құл-Мұхаммедпен кездесуі әртүрлі уақытпен – тұтастай 1594 жылмен, 1594 жылдың қаңтарымен немесе 1595 жылдың басымен мерзімделеді.

Бұл, едәуір дәрежеде, тарихнамада қазақ елшілік миссиясы Мәскеуде болған кезде Құл-Мұхаммед пен Ораз-Мұхаммедтің бір ғана кездесуі болды деген жаңсақ пікірдің әлі күнге сақталуымен байланысты. Алайда дереккөздер мазмұны көрсеткендей, бір емес, бірнеше кездесу болған.

Қазақ елшісінің Ораз-Мұхаммедпен кездесулерін мерзімдеудегі айырмашылықтар көбіне авторлардың қай құжатқа сүйенетініне байланысты. Мұнда мәселе әртүрлі құжаттарда емес, құжаттың өзі біреу. Архивте (РМКАА) сақталған дереккөзге сілтеме жасайтын авторлар әңгіме өткен уақыт ретінде 1595 жылдың қаңтарын көрсетеді, бірақ дереккөздің өзінде жыл көрсетілмеген, тек күні мен айы ғана (қаңтар) берілген, дегенмен контекст пен кейінгі оқиғалардан оның 1595 жыл екені анық байқалады. Ал 1961 жылғы жинақта жарияланған елшілік құжаттарына немесе олардың кейінгі қайта басылымдарына сүйенген авторлар 1594 жылдың қаңтарын көрсетеді.

Шынында да, жинақтағы әңгіме жазбасы 1594 жылдың қаңтарымен мерзімделген, және бұл құжаттар жинағын шығарушылардың жай ғана баспа қатесі емес, нақты қателігі. Қазақ елшісі мен Ораз-Мұхаммедтің кездесулер саны туралы қалыптасқан жаңсақ пікірге сүйеніп, тек бір ғана кездесу болды деп есептеген «Қазақ-орыс қатынастары» жинағын құрастырушылар оны 1594 жылмен мерзімдеген. Бұған негіз ретінде олар Құл-Мұхаммедпен кездесулердің бірі айтылатын Ораз-Мұхаммедтің челобитнаясын қате түсіндірген. Құрастырушылар бұл челобитнаяны «1594 жылдан кеш емес» деп мерзімдеген. Осыдан келіп, егер кездесу біреу ғана болса және Ораз-Мұхаммед оны 1594 жылғы құжатта атаса, онда құжатта айдың жиырмаларын көрсетіп мерзімделген кездесу де сол 1594 жылдың қаңтарында өтті деп есептеген.

Өкінішке қарай, құжаттар жинағындағы бұл қате 1961 жылы жарияланған құжаттарға және олардың кейінгі қайта басылымдарына жүгінген әрі әлі де жүгініп жүрген тарихшыларды жаңылыстырды.

Дереккөздер анық көрсеткендей, Ораз-Мұхаммедтің қазақ елшісі Құл-Мұхаммедпен кездесулерінің құрамы, барысы және мазмұны жағынан бірнеше кездесу болған.

Қорытынды

Зерттеу барысында алынған нәтижелерді қорытындылап, төмендегідей тұжырымдар жасауға болады:

1. 1594-1595 жылдардағы елшілік оқиғалары мемлекеттер арасындағы тікелей қатынастар болғанын көрсетеді, бұл салыстырмалы түрде жақсы сақталған дереккөздер кешенінің болуымен расталады. Іс жүзінде осы жылдары Қазақ хандығы мен Ресей арасындағы елшілік байланыстардың қайта жанданғанын айтуға болады.

2. Тарихнамалық талдау көрсеткендей, әсіресе қазақстандық зерттеушілердің елеулі жетістіктеріне қарамастан, XVI ғасырдың соңында қазақ-орыс қатынастарын қалпына келтірудегі Ораз-Мұхаммедтің рөлі әлі де толық зерттелмеген. Бұл Ресей аумағында болып, кейін Қасым хандығы ханы болған қазақ төресінің қызметін одан әрі зерттеудің өзектілігін арттырады.

3. Қасым хандығы ханының өмірі мен қызметін зерттеуге арналған тарихи дереккөздердің саны мен сапасы жалпы алғанда шектеулі болғанымен, құжаттарды талдау қазіргі уақытта Ораз-Мұхаммедтің 1595 жылғы қазақ-орыс елшілік байланыстарына қатысуын ашуға мүмкіндік беретін белгілі бір деректер кешенінің бар екенін көрсетті. Бұл мәселеге қатысты негізгі дереккөздер РМКАА қорларында сақталған, олардың бір бөлігі әлі ғылыми айналымға енгізілмеген. Сонымен қатар, дереккөздердің елеулі бөлігі жарияланғанымен, жарияланған және архивтік құжаттарды салыстыру олардың кейбір тұстарында айырмашылықтар бар екенін көрсетті.

4. Дереккөздерді талдау қазақ сұлтаны әрі кейін Қасым хандығы ханы болған Ораз-Мұхаммедтің Қазақ хандығы мен Ресей мемлекеті арасындағы елшілік байланыстарды орнатуда маңызды рөл атқарғанын және бұл үдеріске тікелей қатысы болғанын айқын көрсетеді.

5. Архивтік дереккөздер көрсеткендей, Ораз-Мұхаммед тарихнамада қабылданғандай бір немесе екі емес, қазақ елшісі Құл-Мұхаммедпен кемінде үш кездесу өткізген. Дәл

осы кездесулер барысында қазақ тарапының ұстанымы және Тәуекел ханды Мәскеуге елшілік жіберуге итермелеген мақсаттар айқындалған.

6. Құжаттарды зерттеу қазақ елшісі мен Ораз-Мұхаммедтің кездесулерін нақты мерзімдеуге және соның негізінде елшіліктің жалпы мерзімін анықтауға мүмкіндік береді. Деректер көрсеткендей, тарихнамада кездесетін «1594 жылдың қаңтары» деген мерзім қате, өйткені қазақ елшілігі Мәскеуге тек 1594 жылдың соңында келген, ал аталған кездесу 1594 жылы емес, 1595 жылдың қаңтарында өткен.

7. Ораз-Мұхаммедті босату мәселесі көтерілгенімен, ол басты мақсат болған жоқ; негізгі мақсат Бұхарадағы Шибанилерге қарсы бағытталған Ресеймен әскери-саяси байланыстар орнату болды.

8. Сонымен қатар, Ораз-Мұхаммед қазақ-иран елшілік байланыстарына да тікелей қатысқан. Дереккөздер көрсеткендей, дәл оның арағайындығымен қазақ және иран елшілерінің кездесуі мүмкін болып, кейін Тәуекел хан ордасына иран елшілігінің өкілін жіберу жүзеге асқан.

Acknowledgements

The author expresses gratitude for the scholarly and editorial support provided during the preparation of this article.

Алғыс білдіру

Автор мақалаға ғылыми-редакторлық қолдау көрсеткені үшін алғыс білдіреді.

Благодарности

Автор благодарят за научно-редакторское сопровождение статьи.

Ескертулер

1. Ораз-Мұхаммед сұлтанның Тәуекел ханның елшісі Құл-Мұхаммедпен әңгімесінің жазбасы. Ресей мемлекеттік көне актілер архиві (Ары қарай РМКАА). 122 қор., 1 тіз., 1595 ж. іс 2. 9 п.
2. Ораз-Мұхаммед сұлтанның Тәуекел ханның елшісі Құл-Мұхаммедпен әңгімесінің жазбасы. Ресей мемлекеттік көне актілер архиві. РМКАА. 122-қор. 1-тізбе. 1595 ж. 2-іс. 6-7 п.
3. Патша Федор Ивановичтің Тәуекел ханға жіберілген Вельямин Степановқа арналған грамотасы. РМКАА. 122-қор. 1-тіз., 1595 ж. 2-іс. 27 п.
4. Патша Федор Ивановичтің Тәуекел ханға жолдаған грамотасы. РМКАА. 122-қор. 2-тізбе. 1595 ж. 1-іс. 3 п.
5. Патша Федор Ивановичтің Тәуекел ханға жолдаған грамотасы. РМКАА. 122-қор. 2-тізбе. 1595 ж. 1-іс. 1-3 п.
6. Патша Федор Ивановичтің Тәуекел ханға жолдаған грамотасы. РМКАА. 122-қор. 2-тізбе. 1595 ж. 1-іс. 8 п.
7. Патша Федор Ивановичтің Тәуекел ханға жолдаған грамотасы. РМКАА. 122-қор. 2-тізбе. 1594 ж. 1-іс. 1 п.

8. Ораз-Мұхаммед сұлтанның Тәуекел ханның елшісі Құл-Мұхаммедпен әңгімесінің жазбасы. Ресей мемлекеттік көне актілер архиві. РМКАА. 122-қор. 1-тізбе. 1595 ж. 2-іс. 6 п.
9. Ораз-Мұхаммед сұлтанның Тәуекел ханның елшісі Құл-Мұхаммедпен әңгімесінің жазбасы. Ресей мемлекеттік көне актілер архиві. РМКАА. 122-қор. 1-тізбе. 1595 ж. 2-іс. 7 п.
10. Ораз-Мұхаммед сұлтанның Тәуекел ханның елшісі Құл-Мұхаммедпен әңгімесінің жазбасы. Ресей мемлекеттік көне актілер архиві. РМКАА. 122-қор. 1-тізбе. 1595 ж. 2-іс. 16 п.
11. Ораз-Мұхаммед сұлтанның Тәуекел ханның елшісі Құл-Мұхаммедпен әңгімесінің жазбасы. Ресей мемлекеттік көне актілер архиві. РМКАА. 122-қор. 1-тізбе. 1592 ж. 2-іс. 6-16 п.
12. Патша Федор Ивановичтің Тәуекел ханға жолдаған грамотасы. РМКАА. 122-қор. 2-тізбе. 1595 ж. 1-іс. 1-8 п.
13. Ораз-Мұхаммед сұлтанның Тәуекел ханның елшісі Құл-Мұхаммедпен әңгімесінің жазбасы. Ресей мемлекеттік көне актілер архиві. РМКАА. 122-қор. 1-тізбе. 1595 ж. 2-іс. 12 п.
14. Ораз-Мұхаммед сұлтанның Тәуекел ханның елшісі Құл-Мұхаммедпен әңгімесінің жазбасы. Ресей мемлекеттік көне актілер архиві. РМКАА. 122-қор. 1-тізбе. 1595 ж. 2-іс. 13 п.
15. Ораз-Мұхаммед сұлтанның Тәуекел ханның елшісі Құл-Мұхаммедпен әңгімесінің жазбасы. Ресей мемлекеттік көне актілер архиві. РМКАА. 122-қор. 1-тізбе. 1595 ж. 2-іс. 13-14 п.
16. Ораз-Мұхаммед сұлтанның Тәуекел ханның елшісі Құл-Мұхаммедпен әңгімесінің жазбасы. Ресей мемлекеттік көне актілер архиві. РМКАА. 122-қор. 1-тізбе. 1595 ж. 2-іс. 12-16 п.

Әдебиеттер тізімі

- Абдиров М. *Казахский хан в Русском государстве: монография*. Алматы: Издательство «Атамұра». 2020. 392 с.
- Абуев К., Мухамедеева И. *Султан Ураз-Мухаммед: Жизнь и необычная судьба*. Астана: Елорда. 2007. 144 с.
- Абуев К. *Хан Абылай и его время*. Астана: Елорда. 2006. 304 с.
- Абуев К.К. *Сибирское ханство в контексте казахско-русских отношений*. Кокшетау: «Әркет». 2016. 200 с.
- Абусейтова М.Х. *Казахское ханство во второй половине XVI века*. Алма-Ата: Издательство «Наука» Казахской ССР. 1985. 104 с.
- Абусейтова М.Х. Взаимоотношения с Шайбанидами и Аштарханидами Средней Азии на рубеже XVI-XVII вв. Тауекель-хан. Поиски путей сближения с Россией. В: *История Казахстана (с древнейших времен до наших дней)*. В пяти томах. Том 2. Алматы: «Атамұра». 1997. С.397-413.
- Атыгаев Н.А. Проблема взаимоотношений Казахского ханства и Сефевидского (Кызылбашского) государства в XVI веке В: *Историко-культурные взаимосвязи Ирана и Дашт-и Кыпчака в XIII*

- XVIII в. *Материалы международного круглого стола* (Алматы, 11-12 марта 2003 г.). Алматы: Дайк пресс. 2004. С.233–252.
- Атыгаев** Н.А. *Казахское государство (Казахское ханство) в XVI-XVII веках*. В: История казахской государственности (древность и средневековье): Алматы: изд. «Адамар». 2007. С.386-415.
- Басин** В.Я. Из истории русско-казахских дипломатических отношений в XVI-XVII веках. *Известия Академии наук Казахской ССР. Серия общественных наук*. 1965. Выпуск 1. С.37-51.
- Басин** В.Я. Россия и казахские ханства в XVI-XVIII вв.: *Казахстан в системе внешней политики Российской империи*. Алма-Ата: Наука, 1971. 276 с.
- Беляков** А.В. Ураз-Мухаммед ибн Ондан. В: *Мининские чтения. Труды научной конференции. Нижегородский государственный университет им. Н.И. Лобачевского (20-21 октября 2006 г.)*. Нижний Новгород. 2007. С.29-60.
- Беляков** А.В. *Ураз-Мухаммед ибн Ондан и Исинеи Карамышев сын Мусаитов. Опыт совместной биографии*. Алматы: АО «АБДИ Компани». 2019. 208 с.
- Беляков** А.В. *Чингисиды в России XV-XVII веков: просопографическое исследование*. Рязань: «Рязань. Мир». 2011. 512 с.
- Валиханов Е. Взаимоотношение с Россией и соседними народами В: *История Казахстана (с древнейших времен до наших дней)*. В пяти томах. Том 2. Алматы: «Атамұра». 1997. С.433-445.
- Васильев** Д.В. *Россия и Казахская степь: административная политика и статус окраины. XVIII – первая половина XIX века*. Москва: Политическая энциклопедия. 2014. 471 с.
- Васильев** Д.В. Касимовское ханство и первые дипломатические контакты России и Казахстана. Исторические, философские, политические и юридические науки, культурология и искусствоведение. Вопросы теории и практики. Тамбов: *Грамота*. 2015. No.7(57): в 2-х ч. Ч. II. С.35-38.
- Вельяминов-Зернов** В.В. *Исследование о касимовских царях и царевичах*. 2-е изд. СПб.: В типографии Императорской Академии наук. Часть вторая. (С двумя таблицами). 1864. XVI+501 с.
- Жаппасов** Ж.Е. *XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс қарым-қатынастарының тарихы: оқу құралы*. Алматы: Қазақ университеті. 2011. 202 б.
- Жаппасов** Ж.Е. *XVI-XVIII ғасырлардағы қазақ-орыс қарым қатынастарының тарихнамасы*. Алматы: Қазақ университеті. 2014. 234 б.
- Исин** А.И. Материалы Посольского приказа Русского государства о Казахском ханстве XVI – начала XVII в. *Вопросы историографии и источниковедения Казахстана: (дореволюционный период)*. Алма-Ата: Наука. 1988. С.161-170.
- Исин** А. *Казахское ханство и Ногайская Орда во второй половине XV-XVI в.* Семипалатинск. 2002. 140 с.
- История** вхождения Казахского народа в подданство Российской Империи в документах. *Держава*. 1996. No.1(4), с.77-78.
- Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках (сборник документов и материалов)*. Составители: Ф. Киреев, А. Алейникова, Г. Семенюк, Т. Шоинбаев. Алма-Ата: Изд. АН КазССР. 1961. XVI+743 с.
- Карамзин** Н.М. *История государства Российского*. Том X. СПб.: В типографии Н. Греча. 1824. 292+168 с.
- Красовский** Н.И. *Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами Генерального штаба. Область сибирских киргизов*. Часть 1. СПб.: Типографии Трапшеля, Ретгера и Шнейдера. 1868. III+428 с.
- Кляшторный** С.Г., Султанов Т.И. *Казахстан. Летопись трех тысячелетий*. Алма-Ата: «Рауан». 1992. 380 с.

- Кобрин** В.Б. К вопросу о казахско-русских отношениях в XVI веке. *Вестник АН Казахской ССР*. 1946. No.11(20), с.55-57.
- Крафт** И.И. Принятие киргизами русского подданства. В: *Сборник узаконений о киргизах степных областей*. Оренбург: Типо-литография П.Н. Жаринова. 1898. С.1-59.
- Левшин** А.И. *Описание киргиз-кайсацких или, киргиз-казачьих орд и степей*. Часть вторая. Исторические известия. СПб.: В типографии Карла Крайя, 1832. 334 с.
- Летопись** Сибирская, содержащая повествование о взятии Сибирских земли Русскими при царе Иоанне Васильевиче Грозном; с кратким изложением предшествовавших оному событий. СПб.: В типографии Департамента народного просвещения. 1821. IX+88+8 с.
- Материалы** по истории Узбекской, Таджикской и Туркменской ССР. Вып. 3. Ч. 1: *Торговля с Московским государством и международное положение Средней Азии в XVI-XVII вв.* Ленинград: Издательство Академии наук СССР. 1932. 504 с.
- Миллер** А.Ф. Международное положение Казахстана во второй половине XVI века. *Исторический журнал*. 1942. No.8, с.51-55.
- Мухамадеева** И.А. «Казачьей орды султан» Ураз-Мухаммед – хан подмосковного Касимова. *Вестник Карагандинского университета. Серия: История. Философия. Право*. 2007. No.3(47), с.238-242.
- Мухамадеева** И.А. Становление дипломатических связей Казахстана и России в конце XVI века. *Вестник Карагандинского университета. Серия: История. Философия. Право*. 2008. No.2(50), с.10-15.
- Опись** Царского архива. В: *Акты, собранные в библиотеках и архивах Российской империи Археографической экспедицией Императорской академии наук / Дополнены и изданы Высочайше утвержденной комиссией*. Том I. 1294-1598. СПб.: В Типографии II Отделения Собственной Е.И.В. Канцелярии. 1836. С.335-355.
- Опись** Царского архива XVI века В: *Описи Царского архива XVI века и архива Посольского приказа 1614 года*. Под редакцией С. Шмидта. Москва: Издательство восточной литературы. 1960. С.15-44.
- Под стягом** России: *Сборник архивных документов*. Сост., примеч. А.А. Сазонова, Г. Герасимовой, О. Глушковой, С. Кистерова. Москва: Русская книга. 1992. 432 с.
- Посольские материалы** Русского государства (XV-XVII вв.). Том I. Составление, транскрипция скорописи, специальное редактирование текстов, вступительная статья, комментарии, составление словников указателей А. Исина. Алматы: Дайк Пресс. 2005. 704 с.
- Сибирские летописи**. Издание Императорской археографической комиссии. СПб.: Типография И.Н. Скороходова. 1907. 365.
- Соколовский** И.В., Сапрынская Д.В. Касимовское ханство и фигура Ураз-Мухаммеда. В: *Тюрко-монгольский мир: история и культура. Материалы международной научной конференции, посвященной 90-летию со дня рождения С.Г. Кляшторного*. Ин-т восточных рукописей (Азиатский Музей) РАН. Москва: Наука–Вост. лит., 2019. С.186-192.
- Солодкин** Я.Г. О начальном этапе русско-казахских отношений (спорные проблемы). В: *Взаимоотношения народов России, Сибири и стран Востока: история и современность*. Доклады Второй международной научно-практической конференции 11-14 августа 1997 г. Книга первая. Москва-Иркутск-Гэгу. 1997. С.141-150.
- Султанов** Т.И. *Чингиз-хан и Чингизиды. Судьба и власть*. Москва: АСТ 2006. 445 с.
- Султанов** Т.И. *Поднятые на белой кошме. Ханы казахских степей*. Астана: ТОО «Астана Даму-21». 2006. 256 с.

- Темиргалиев Р.Д. *Настоящая история Казахского ханства*. Караганда: типография «Гласир». 2009. 324 с.
- Темиргалиев Р.Д. *Казахи и Россия*. Москва: Междунар. отношения. 2013. 352 с.
- Терентьев М.А. *История завоевания Средней Азии*. Том I СПб.: Типо-литография В.В. Комарова. 1906. XIV+510 с.
- Трепавлов В., Беляков А. *Сибирские царицы в истории России. Научное издание*. СПб.: «Издательство Олега Абышко». 2018. 496 с.
- Чулошников А.П. *Очерки по истории Казак-Киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен*. Часть первая. Древнее время и средние века. Лекции, читанные в Оренбургском отделении Московского археологического института в 1921 г. Оренбург: Киргизское государственное издательство. 1924. XII+290 с.
- Хрестоматия по истории СССР XVI-XVII вв.* Под ред. А. А. Зиминой. составители Александров В. А., Корецкий В.И. Учебное пособие для университетов. Москва. Соцэкгиз. 1962. 751 с.

References

- Abdirov M. *Kazakhskii khan v Russkom gosudarstve*. Almaty: Atamura Publishing House. 2020. 392 p. (In Russian)
- Abuev K., Mukhamadeeva I. *Sultan Uraz-Mukhammed: Zhizn i neobychnaia sudba*. Astana: Elorda. 2007. 144 p. (In Russian)
- Abuev K. *Khan Abylai i ego vremia*. Astana: Elorda. 2006. 304 p. (In Russian)
- Abuev K. *Sibirskoe khanstvo v kontekste kazakhsko-russkikh otnoshenii*. Kokshetau: Эркет. 2016. 200 p. (In Russian)
- Абыseitова М. *Kazakhskoe khanstvo vo vtoroi polovine XVI veka*. Alma Ata: Nauka Publishing House of the Kazakh SSR. 1985. 104 p. (In Russian)
- Абыseitова М. *Vzaimootnosheniia s Shaibanidami i Ashtarkhanidami Srednei Azii na rubezhe XVI-XVII vv. Tauekel-khan. Poiski putei sblizheniia s Rossiei. The history of Kazakhstan (from ancient times to the present day)*. In 5 vols. Vol. 2. Almaty: Atamura. 1997. Pp.397-413. (In Russian)
- Atygaev N. *Problema vzaimootnoshenii Kazakhskogo khanstva i Sefevidskogo (Kyzylbashskogo) gosudarstva v XVI veke* In: *Historical and cultural interrelationships of Iran and Dasht-i Kipchak in the XIII-XVIII centuries. Proceedings of the International Round Table (Almaty, March 11-12, 2003)*. Almaty: Dyke Press. 2004. pp. 233-252. (In Russian)
- Atygaev N. *Kazakhskoe gosudarstvo (Kazakhskoe khanstvo) v XVI-XVII vekakh. History of the Kazakh statehood (antiquity and the Middle Ages)*: Almaty: ed. "Hadamard." 2007. Pp.386-415. (In Russian)
- Basin V. *From the History of Russian Kazakh Diplomatic Relations in the 16th–17th Centuries. Proceedings of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. Series of social sciences*. 1965. Is.1, pp.37-51. (In Russian)
- Basin V. *Rossiia i kazakhskie khanstva v XVI-XVIII vv.: Kazakhstan v sisteme vneshnei politiki Rossiiskoi imperii*. Alma Ata: Nauka Publ.1971. 276 p. (In Russian)
- Belyakov A. *Uraz Muhammad ibn Ondan*. In: *Minin readings. Proceedings of the scientific conference. Nizhny Novgorod State University named after N.I. Lobachevsky (October 20-21, 2006)*. Nizhny Novgorod. 2007. Pp.29-60. (In Russian)
- Belyakov A. V. *Uraz-Mukhammed ibn Ondan i Isinei Karamyshev syn Musaitov. Opyt sovместnoi biografii*. Almaty: ABDI Company JSC. 2019. 208 p. (In Russian)

- Belyakov A. *Chingisidy v Rossii XV-XVII vekov: prosopograficheskoe issledovanie*. Ryazan: Ryazan Mir. 2011. 512 p. (In Russian)
- Valikhanov E. Vzaimootnoshenie s Rossiei i sosednimi narodami. Istoriiia Kazakhstana (s drevneishikh vremen do nashikh dnei). In: *The history of Kazakhstan (from ancient times to the present day)*. In five volumes. Volume 2. Almaty: "Atamura". 1997. Pp.433-445. (In Russian)
- Vasiliev D. *Rossiia i Kazakhskaia step: administrativnaia politika i status okrainy. XVIII – pervaiia polovina XIX veka*. Moscow: Political Encyclopedia. 2014. 471 p. (In Russian)
- Vasiliev D. Kasimovskoe khanstvo i pervye diplomaticheskie kontakty Rossii i Kazakhstana. Istoricheskie, filosofskie, politicheskie i iuridicheskie nauki, kulturologiia i iskusstvovedenie. *Issues of Theory and Practice*. Tambov: Gramota. 2015. No.7(57), pp. 35–38. (In Russian)
- Veliaminov Zernov V. *Issledovanie o kasimovskikh tsariakh i tsarevichakh*. 2nd ed. St. Petersburg: Printing House of the Imperial Academy of Sciences. Part 2 (with two tables). 1864. XVI+501 p. (In Russian)
- Zhappasov Zh. *XVI-XVIII gg. kazak-orys karym-katynastarynyn tarikhy: oku kuraly*. Almaty: Kazakh University. 2011. 202 p. (In Kazakh)
- Zhappasov Zh. *XVI-XVIII gasyrlardagy kazak-orys karym katynastarynyn tarikhnamasy*. Almaty: Kazakh University. 2014. 234 p. (In Kazakh)
- Isin A. Materialy Posolskogo prikaza Russkogo gosudarstva o Kazakhskom khanstve XVI – nachala XVII v. In: *Issues of Historiography and Source Studies of Kazakhstan (Pre Revolutionary Period)*. Alma Ata: Nauka. 1988. Pp.161-170. (In Russian)
- Isin A. *Kazakhskoe khanstvo i Nogaiskaia Orda vo vtoroi polovine XV-XVI v*. Semipalatinsk. 2002. 140 p. (In Russian)
- Istoriiia vkhozhdeniia Kazakhskogo naroda v poddanstvo Rossiiskoi Imperii v dokumentakh. *Derzhava*. 1996. No.1(4), pp.77-78. (In Russian)
- Kazakh Russian Relations in the 16th-18th Centuries (Collection of Documents and Materials)*. Compiled by F. Kireev, A. Aleinikova, G. Semenyuk, T. Shoinbaev, Zh. Alma Ata: Academy of Sciences of the Kazakh SSR. 1961. XVI+743 p. (In Russian)
- Karamzin N. *Istoriiia gosudarstva Rossiiskogo*. Vol. 10. St. Petersburg: N. Grech. 1824. 292+168 p. (In Russian)
- Krasovsky N. *Materialy dlia geografii i statistiki Rossii, sobrannye ofitserami Generalnogo shtaba. Oblast sibirskikh kirgizov*. Region of the Siberian Kyrgyz. Part 1. St. Petersburg: Printing Houses of Traptshel, Retger and Schneider. 1868. III+428 p. (In Russian)
- Klyashtorny S., Sultanov T. *Kazakhstan. Letopis trekh tysiacheletii*. Alma Ata: Rauan. 1992. 380 p. (In Russian)
- Kobrin V. K voprosu o kazakhsko-russkikh otnosheniakh v XVI veke. *Bulletin of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR*. 1946. No.11(20), pp.55-57. (In Russian)
- Krafft I. Priniatie kirgizami russkogo poddanstva. *Collection of laws on the Kyrgyz people of the steppe regions*. Orenburg: Typo Lithography of P. Zharinov. 1898. Pp.1-59. (In Russian)
- Levshin A. *Opisanie kirgiz-kaisakskikh ili, kirgiz-kazachikh ord i stepei*. Chast vtoraiia. Part 2: Historical Information. St. Petersburg: Printing House of Karl Kray. 1832. 334 p. (In Russian)
- Letopis Sibirskaia, soderzhashchaia povestvovanie o vziatii Sibirskaia zemli Russkimi pri tsare Ioanne Vasileviche Grozny; s kratkim izlozheniem predshestvovavshikh onomu sobytii*. St. Petersburg: In the printing house of the Department of Public Education. 1821. IX+88+8 p.
- Materialy po istorii Uzbekskoi, Tadzhikskoi i Turkmenskoi SSR. Vyp. 3. Ch. 1: Torgovlia s Moskovskim gosudarstvom i mezhdunarodnoe polozenie Srednei Azii v XVI-XVII vv*. Leningrad: Academy of Sciences of the USSR. 1932. 504 p. (In Russian)

- Miller A. Mezhdunarodnoe polozhenie Kazakhstana vo vtoroi polovine XVI veka. *Historical Journal*. 1942. No.8, pp.51-55. (In Russian)
- Mukhamadeeva I. «Kazachei ordy sultan» Uraz-Mukhammed – khan podmoskovnogo Kasimova. *Bulletin of Karaganda University. Series: History. Philosophy. Law*. 2007. No.3(47), pp.238-242. (In Russian)
- Mukhamadeeva I. Stanovlenie diplomaticheskikh svyazei Kazakhstana i Rossii v kontse KhVI veka. *Bulletin of Karaganda University. Series: History. Philosophy. Law*. 2008. No.2(50), pp.10-15. (In Russian)
- Opis tsarskago arkhiva. *The acts collected in the libraries and archives of the Russian Empire by the Archaeological Expedition of the Imperial Academy of Sciences / Supplemented and published by the Most Highly approved commission*. Volume I. 1294-1598. St. Petersburg: In The Printing House Of The II Department Of Its Own E.I.V. Chancellery. 1836. Pp.335-355.
- Opis Tsarskogo arkhiva XVI veka B: Opisi tsarskogo arkhiva XVI veka i arkhiva Posolskogo prikaza 1614 goda. *Inventory of the royal archive of the XVI century and the archive of the Embassy Order of 1614*. Edited by S. Schmidt. Moscow: Publishing House of Oriental Literature, 1960. Pp.15-44.
- Pod stiagom Rossii: *Collection of archival documents*. Comp., notes by A.A. Sazonov, G. Gerasimova, O. Glushkova, S. Kisterev. Moscow: Russian Book. 1992. 432 p.
- Posolskie materialy Russkogo gosudarstva (XV-XVII vv.)*. Volume I. Compilation, transcription of cursive, special editing of texts, introductory article, comments, compilation of dictionary indexes. Isina. Almaty: Dyke Press. 2005. 704 p.
- Sibirskie letopisi*. Edition of the Imperial Archeographic Commission. St. Petersburg: Printing house of I.N. Skorokhodov. 1907. 365 p.
- Sokolovsky I.V., Saprynskaya D.V. Kasimovskoe khanstvo i figura Uraz-Mukhammeda. *The Turkic-Mongolian world: history and culture. Proceedings of the international scientific conference dedicated to the 90th anniversary of the birth of S.G. Klyashtorny*. Institute of Oriental Manuscripts (Asian Museum) of the Russian Academy of Sciences. Moscow: Nauka-Vostochny lit., 2019. Pp.186-1192.
- Solodkin Ya. O nachalnom etape russko-kazakhskikh otnoshenii (spornye problemy). In: *Interrelations of the Peoples of Russia, Siberia and Eastern Countries: History and Modernity. Reports of the Second International Scientific and Practical Conference (August 11-14, 1997)*. Book 1. Moscow-Irkutsk-Geigu. 1997. Pp.141-150. (In Russian)
- Sultanov T. *Chingiz-khan i Chingizidy. Sudba i vlast*. Moscow: AST: MOSKVA. 2006. 445 p. (In Russian)
- Sultanov T. *Podniatye na beloi koshme. Khany kazakhskikh steppei*. Astana: LLP «Astana Damu 21». 2006. 256 p. (In Russian)
- Temirgaliev R. *Nastoiashchaia istoriia Kazakhskogo khanstva*. Karaganda: Glasir Printing House. 2009. 324 p. (In Russian)
- Temirgaliev R. *Kazakhi i Rossiia*. Moscow: Mezhdunarodnye Otnosheniya. 2 prepared. 352 p. (In Russian)
- Terentyev M. *Istoriia zavoevaniia Srednei Azii*. Vol. I. St. Petersburg: Typo Lithography of V. Komarov. 1906. XIV + 510 p. (In Russian)
- Trepavlov V., Belyakov A. *Sibirskie tsarevichi v istorii*. Rossii. Scientific Edition. St. Petersburg: Oleg Abyshko Publishing House. 2018. 496 p. (In Russian) Nauchnoe izdanie. SPb.: «Izdatelstvo Olega Abyshko». 2018.
- Chuloshnikov A. Ocherki po istorii Kazak-Kirgizskogo naroda v svyazi s obshchimi istoricheskimi sudbami drugikh tiurkskikh plemen. *Chast pervaiia. Drevnee vremia i srednie veka. Lektsii, chitannye v Orenburgskom otdelenii Moskovskogo arkhieologicheskogo instituta v 1921 g. Part 1: Ancient Times and the Middle Ages*. Lectures Delivered at the Orenburg Branch of the Moscow Archaeological Institute in 1921. Orenburg: Kyrgyz State Publishing House. 1924. XII + 290 p. (In Russian)

Information about the author

Nickolay S. Lapin – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, the Republican State Enterprise on the Right of Economic Management “Research Institute for Jochi Ulus Studies” of the Committee of Science, Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, 15B Aleksandr Pushkin Street, Astana, Kazakhstan, . <https://orcid.org/0000-0001-6459-7676>, lapin.79@mail.ru

Авторлар туралы мәлімет

Николай Сергеевич Лапин – тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің «Жошы Ұлысын зерттеу ғылыми институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы РМК бас ғылыми қызметкері, А. Пушкин көшесі, 15Б үй., Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0001-6459-7676>, lapin.79@mail.ru

Сведения об авторах

Николай Сергеевич Лапин – кандидат исторических наук, ассоциированный профессор (доцент), руководитель отдела, Научный институт изучения Улуса Джучи, 010000, ул. Пушкина, 15 Б, г. Астана, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0001-6459-7676>, lapin.79@mail.ru

Information about the article / Мақала туралы ақпарат / Информация о статье

Entered the editorial office / Редакцияға түсті / Поступила в редакцию: 01.04.2025

Approved by reviewers / Рецензенттер мақұлдаған / Одобрена рецензентами: 02.05.2025.

Accepted for publication / Жариялауға қабылданды / Принята к публикации: 30.05.2025